

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ  
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т  
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі  
20 \_\_ жылғы « \_\_ » \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_\_

010000, Нур-Султан, Мажилис Парламента  
« \_\_ » \_\_\_\_\_ 20 \_\_ года

7.10.2020 ж. жарияланды

**Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі  
А. Ұ. Маминге**

## ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

### Құрметті Асқар Ұзақбайұлы!

Мемлекеттің қолдауының арқасында Республика бойынша 2012 жылдан бастап көптеген кәсіпкерлер жекеменшік балабақшалар ашуға бет бұрған болатын. Өз жұмысын бастау үшін банктерден миллиондаған теңге несие алып, ғимараттарды жалға алып, өз жұмысын бастап, балабақшаға жылдар бойы бара алмай, кезегін күтіп жүрген мыңдаған сәбидің, ата-аналардың әлеуметтік проблемаларын шешіп, балалардың мектепке дейінгі тәрбиемен қамтылуын жоғары деңгейге көтеруге қол жеткізді. Алайда, сол игі істі қолға алған кәсіпкерлер қазір Үкіметтен қолдау таба алмай, көптеген балабақшаның жабылып қалу қауіпі төніп тұр.

Білім министрінің 2017 жылғы 27 қарашадағы №597 бұйрығына сәйкес 2018 жылдан бастап, жан басына шаққандағы қаржыландыру мөлшері 28280 теңге етіп белгіленген. Республика бойынша айтсақ, Алматы облысында 31000 теңге, Ақтөбеде 28800 теңге, Қарағандыда 29300 теңге, Шығыс Қазақстанда 29150тг , Таразда 29 344тг, Шымкент қаласында 28350 теңге, Ақтау қаласында 28 350 теңге төленуде. Ал, Түркістан облысында осы күнге дейін республика бойынша ең аз мөлшерде 20988 теңге есебінен төленуде, соның ішінде Мақтаарал, Жетісай, Кентау аудандарында 18000 – 19000 теңге. Ақмола облысының Целиноград, Бурабай, Зеренді аудандарында да 23000 – 25000 теңге аралығында және Павлодар қаласында 20246 теңге төленуде.

Отандық кәсіпкерлер тарапынан бұл мәселе туралы 1 жылдан бері барлық инстанцияға хат жолданғанымен, ешқандай оң шешім таппады. Педагогтардың айлық жалақысы биыл 25 пайызға көтерілді. Президенттің биылғы Жолдауында келесі жылы педагогтардың жалақысын тағы да 25 пайызға көтеруді тапсырды. Сонда кәсіпкерлер Мемлекет басшысының тапсырмасын қалай орындайды? Жеке балабақшалар мен мемлекеттік балабақшалар педагогтары арасында әлеуметтік теңсіздікке неліктен жол берілуде? Бұл мәселе алдағы уақытта шешімін таппаса республика бойынша көптеген балабақшалар жабылып, ата-аналардың әлеуметтік мәселесі шешілмей қалатыны анық. Сондықтан да, Мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауы мен Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №597, 598 бұйрығына сәйкес, барлық облыстар бойынша жан басына қаржыландыру мөлшерін сәйкестендіру қажет деп есептейміз.

Құрметті Асқар Ұзақбайұлы, Сізден көтеріліп отырған проблемалар бойынша жағдайды жан-жақты зерделеп, оларды шешу жөнінде шаралар қабылдауды сұраймыз.

**Құрметпен,**

**«Nur Otan» партиясы  
Фракциясының мүшелері**

**Ф. Қаратаев**

**Қ. Ержан**

**«Қазақстан коммунистік халық»  
Партиясы Фракциясының мүшесі**

**Ж. Ахметбеков**